

Тіркелген салық ставкаларының бірыңғай мөлшерін тағайындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы 25 сессиясының № 278 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 маусымда № 4805 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 201 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 25.06.2020 № 201 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Саран қаласы мен Ақтас кентінде орналасқан салық салынатын объект бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Саран қалалық мәслихатының 2013 жылғы 15 ақпандағы "Тіркелген салық ставкаларының бірыңғай мөлшерін тағайындау туралы" № 159 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2223 болып тіркелген, 2013 жылғы 22 наурыздағы № 12 "Саран газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Ш. Исенов
Ө. Баймағанбетов*

Саран қалалық мәслихатының
2018 жылғы 17 мамырдағы
25 сессиясының № 278
шешіміне қосымша

Жеке қызмет түрлеріне салық салу объектісінің бірлігінен тіркелген жиынтық салығының бірыңғай ставкаларының мөлшері

Салық салынатын объектінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерімен)
бильярд үстелі	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК